

Қосымша парақ – пациентке арналған ақпарат
Арифон® ретард, 1,5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған, босап шығуы ұзаққа
созылатын таблеткалар
Индапамид

Препаратты қабылдағанға дейін қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, өйткені онда сіз үшін маңызды ақпарат бар.

- Қосымша парақты сақтаңыз. Сізге оны қайтадан оқу қажет болуы мүмкін.
- Егер Сізде қосымша сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.
- Препарат тек сізге тағайындалды. Оны басқа адамдарға бермеңіз. Бұл ауруының симптомдары Сіздікіне сәйкес келсе де, оларға зиян тигізуі мүмкін.
- Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4-бөлімінде аталмаған реакцияларға қолданылады.

Қосымша парақтың мазмұны

1. Арифон® ретард препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады.
2. Арифон® ретард препаратын қабылдау алдында не туралы білу керек.
3. Арифон® ретард препаратын қабылдау.
4. Ықтимал жағымсыз реакциялар.
5. Арифон® ретард препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер.

1. Арифон® ретард препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады

Арифон® ретард препаратының құрамында индапамид әсер етуші заты бар, ол «Диуретикалық дәрі» деп аталатын фармакотерапиялық топқа жатады. Бұл препарат несеп айдайтын дәрі болып табылады және артериялық қысымды төмендетеді. Басқа диуретиктерден айырмашылығы, индапамид ұсынылған дозаларда қабылдаған кезде бүйректен шығарылатын несеп көлемін аздап арттырады. Сонымен қатар, индапамид ірі артериялардың созылуын арттырады және кіші диаметрлі шеткері артериялардың кедергісін азайтады, бұл артериялық қысымды төмендетуге ықпал етеді.

Қолданылуы

Арифон® ретард препараты ересектердегі артериялық гипертензияны емдеуге арналған.

2. Арифон® ретард препаратын қабылдау алдында нені білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Арифон® ретард препаратын қабылдамаңыз

- егер сіз индапамидке, кез келген басқа сульфонамидке немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне аллергияңыз болса (қосымша парақтың 6-бөлімінде көрсетілген),
- егер сізде ауыр бүйрек ауруы болса,
- егер сізде ауыр бауыр ауыруы немесе бауыр энцефалопатиясы болса (ми функциясының ықтимал қайтымды бұзылуы),
- егер Сізде қандағы калий деңгейі төмен болса.

Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары

Арифон[®] ретард препаратын қабылдау алдында емдеуші дәрігермен кеңесіңіз:

- егер сізде бауыр функциясының бұзылуы болса,
- егер сізде бүйрек функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде су-электrolит теңгерімінің бұзылуы болса,
- егер Сізде жүрек проблемалары болса: егер сізде жүректің ишемиялық ауруы болса, егер сізде жүрек жеткіліксіздігі болса, ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы болса немесе егер Сіз QT аралығын ұзартатын препараттармен бір мезгілде емделіп жүрсеңіз, ауыр ырғақ бұзылыстарын тудыруға қабілетті дәрілік препаратты қабылдап жүрсеңіз («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия),
- егер Сіз литий препараттарын, гипокалиемиюны немесе жүрек гликозидтерін тудыруы мүмкін препараттарды қабылдап жүрсеңіз («Басқа препараттар және Арифон[®] ретард препаратын» қараңыз),
- егер Сіз әлсіреп кетсеңіз,
- егер Сізде шеткері ісіну немесе асцит болса,
- егер Сізде қант диабеті болса,
- егер Сізде гиперурикемия және подагра болса,
- егер Сізде гиперпаратиреоз болса (қалқанша маңы бездері функциясының жоғарылауы),
- егер Сізде анамнезде пенициллинге аллергиялық реакция болса,
- егер Сізде кейбір қанттар жақпаушылығы болса (галактоза жақпаушылығы, лактаза тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы),
- Егер Сіз көру өткірлігінің төмендеуін немесе көздің ауыруын сезінсеңіз, бұл Арифон[®] ретард препаратын қабылдау басталғаннан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде байқалуы мүмкін көздің тамырлы қабығындағы сұйықтықтың жиналу симптомдары (хориоидты жалқық) немесе көзішілік қысымның жоғарылауы болуы ықтимал. Емделмеген жағдайда көру қабілетінің қайтымсыз жоғалуы мүмкін. Егер сіз бұрын пенициллинге немесе сульфонамидтерге аллергиялық реакция болса, онда Сізде хориоидты жалқықтың пайда болу қаупі жоғары болуы ықтимал.

Егер Сізде бұрын фотосезімталдық реакциялары болса, дәрігерге хабарлаңыз.

Емдеуші дәрігер Сізді натрий, калий (емдеу кезінде төмендеуі мүмкін) немесе кальций (емдеу кезінде жоғарылауы мүмкін) деңгейін бағалау үшін қан талдауын жасауға жіберуі мүмкін.

Егер сізде жоғарыда көрсетілген жағдайлардың бірі байқалса немесе осы препаратты қалай қолдану керектігі туралы сұрақтарыңыз немесе күмәніңіз болса, емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Спортшылар дәрілік препарат құрамына кіретін әсер етуші заттың допинг-бақылау жүргізу кезінде оң нәтиже беретініне назар аударуы тиіс.

Балалар

Препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларға бермеңіз, өйткені балалар мен жасөспірімдерде Арифон[®] ретард дәрілік препаратын қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Деректер жоқ.

Басқа препараттар және Арифон[®] ретард препараты

Егер сіз қандай да бір басқа дәрілік препараттарды қабылдап жүрсеңіз, таяуда қабылдаған болсаңыз немесе қабылдауды бастауыңыз мүмкін болса, емдеуші дәрігерге хабарлаңыз.

Арифон® ретардты литий препараттарымен бір мезгілде қабылдауға болмайды (депрессияны емдеу үшін қолданылады), өйткені бұл қандағы литий концентрациясының жоғарылауына әкелуі мүмкін.

Егер Сіз төменде аталатын дәрілік препараттардың бірін қабылдайтын болсаңыз, емдеуші дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз, өйткені оларды бірге қабылдаған кезде аса сақ болу керек:

- жүрек ырғағының бұзылуын емдеуге арналған препараттар (мысалы, хинидин, гидрохинидин, дизопирамид, прокаинамид, флекаинид, амиодарон, соталол, дофетилид, ибутилид, бретилия тозилаты, дронедазон, жүрек гликозидтері),
- депрессия, мазасыздық, шизофрения және басқалар сияқты психикалық бұзылуларды емдеуге арналған препараттар (мысалы, трициклді антидепрессанттар, серотонинді кері қабылдайтын селективті тежегіштер (циталопрам, эсциталопрам), нейролептиктер (хлорпромазин, циамамазин, левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин, флуфеназин, амисульприд, сульпирид, сультоприд, тиаприд, дроперидол, галоперидол, пимозид, сертиндол),
- инфекцияны емдеу үшін қолданылатын бактерияға қарсы препараттар (левофлоксацин, спарфлоксацин, моксифлоксацин, ципрофлоксацин, инъекцияға арналған эритромицин, азитромицин, кларитромицин, рокситромицин, спирамицин, ко-тримоксазол),
- зеңге қарсы препараттар (вориконазол, итраконазол, кетоконазол, флуконазол, инъекция түріндегі амфотерицин В),
- Безгектің белгілі бір түрлерін емдеуге арналған препараттар (хинин, хлорохин, мефлохин, галофантрин, лумефантрин),
- кеудедегі ауырсынумен көрінетін стенокардияны емдеуге арналған препараттар (ранолазин, бепридил),
- асқазан-ішек ауруларын емдеуге арналған препараттар (цизаприд, домперидон),
- ағзаларды трансплантациялаудан кейін иммундық жүйені басатын препараттар, аутоиммунды ауруларды немесе ауыр ревматизмдік немесе тері ауруларын, ісікке қарсы препараттарды (циклоспорин, такролимус, вандетаниб, мышьяк триоксиді, оксалиплатин, анагрелид) емдеу үшін қолданылады,
- жүрек айнуын және құсуды емдеуге арналған препараттар (ондансетрон),
- аллергиялық реакцияларды емдеуге арналған препараттар (астемизол, терфенадин, мизоластин),
- ЦОГ-2 селективті тежегіштерін немесе ацетилсалицил қышқылының ≥ 3 Г жоғары дозаларын қоса, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар,
- ангиотензин-өзгертуші фермент тежегіштері (АӨФ тежегіштері) (жоғары артериялық қысымды төмендету және жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін тағайындалады),
- ішке қабылдауға арналған кортикостероидтар (ауыр демікпе мен ревматизмдік артритті қоса, түрлі ауруларды емдеу үшін тағайындалады),
- іш жүргізетін дәрілер,
- кейбір ауруларда пайда болатын бұлшықет сіресуін емдеуге арналған препараттар, мысалы, жайылған склероз (баклофен),
- подагралы емдеуге арналған препараттар (аллопуринол),
- калий сақтайтын диуретиктер (амилорид, спиронолактон, триамтерен),
- метформин (қант диабетін емдеу үшін),
- құрамында йод бар контрасты заттар (рентгенологиялық тексерулер кезінде пайдаланылады),
- кальций таблеткалары немесе құрамында кальций бар тағамдық қоспалар,
- тетракозактид (Крон ауруын емдеу үшін),

- басқа препараттар: пентамидин, дифеманил, инъекцияға арналған винкамин, вазопрессин, терлипрессин, кетансерин, пробукол, пропофол, севофлуран, теродилин, цилостазол.

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, препаратты бастамас бұрын емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Арифон[®] ретард препаратын жүктілік кезінде қолдану ұсынылмайды. Егер Сіз жүкті болсаңыз, Арифон[®] ретард препаратын қабылдамаңыз. Егер Сіз жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз немесе жүктілік фактісі расталса, емдеудің балама түріне (басқа дәрілік препаратқа) мүмкіндігінше тезірек ауысу керек. Егер сіз жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, дәрігерге хабарлаңыз.

Әсер етуші зат (индапамид) емшек сүтіне енеді. Арифон[®] ретард дәрілік препараты бала емізу кезеңінде ұсынылмайды. Егер сіз балаңызды емшекпен қоректендіретін болсаңыз, Арифон[®] ретард препаратын қабылдамаңыз.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Арифон[®] ретард препаратын қабылдау бас айналу немесе шаршау сияқты артериялық қысымның төмендеуімен байланысты жағымсыз реакциялардың пайда болуына әкелуі мүмкін (4-бөлімді қараңыз). Осы жағымсыз реакциялардың дамуы емнің басында және дозаны ұлғайтқаннан кейін болуы ықтимал. Осы жағымсыз реакциялар туындаған кезде жоғары зейін қоюды талап ететін көлік құралдарын немесе механизмдерді басқарудан бас тартқан жөн. Алайда, бақылау тиісінше болғанда мен бұл реакциялардың басталу ықтималдығы аз.

Арифон[®] ретард препаратының құрамында лактоза моногидраты бар

Егер Сізде кейбір қанттардың жақпаушылығы болса, осы препаратты қабылдағанға дейін емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

3. Арифон[®] ретард препаратын қабылдау

Бұл препаратты әрдайым емдеуші дәрігердің ұсыныстарына сәйкес қабылдаңыз. Күмән болған жағдайда емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Ұсынылатын доза тәулігіне бір таблетканы құрайды, таңертең қабылдаған дұрыс.

Қолдану тәсілі

Ішке. Таблеткаларды сумен іше отырып, тұтастай жұту керек. Таблеткаларды шайнауға және ұнтақтауға болмайды. Препаратты тамақтануға қарамастан қабылдауға болады.

Қолдану ұзақтығы

Артериялық гипертензияны емдеуге арналған препараттарды үнемі қабылдау керек.

Егер сіз Арифон[®] ретард препаратын қажет болғаннан артық қабылдаған болсаңыз

Егер сіз Арифон[®] ретард препараты таблеткаларын көп мөлшерде қабылдаған болсаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Арифон[®] ретард препаратының өте үлкен дозасы жүрек айнуын, құсуды, артериялық қысымның төмендеуін, құрысуды, бас айналу, ұйқышылдықты, сананың шатасуын және бөлінетін несеп көлемінің өзгеруін тудыруы мүмкін.

Егер Сіз Арифон® ретард препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Егер сіз таблетка қабылдауды ұмытып кетсеңіз, келесі дозаны әдеттегі уақытта қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаны өтеуге тырысып, Арифон® ретард препаратының екі еселенген дозасын қабылдамаңыз.

Егер Сіз Арифон® ретард препаратын қабылдауды тоқтатқан болсаңыз

Артериялық гипертензияны емдеу тұрақты жалғасатындықтан, емдеуші дәрігермен алдын ала кеңес алмай Арифон® ретардпрепаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Егер Сізде препаратты қолдану бойынша сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, бұл препарат жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, алайда олар барлық пациенттерде пайда болмайды.

Арифон® ретард препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және мынадай күрделі жағымсыз реакциялардың бірі туындаған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз:

- ангионевроздық ісіну және / немесе есекжем. Ангионевроздық ісіну аяқ-қолдардың немесе беттің ісінуімен, ерін мен тілдің ісінуімен, еңтігу немесе жұтыну қиындауына әкелетін көмей және тыныс алу жолдары шырышты қабығының ісінуімен сипатталады. Егер бұл орын алса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. (Өте сирек: 10000-нан көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін);
- терінің ауыр бөртпелері, дененің бүкіл бетіндегі терінің қызаруы, қатты қышыну, күлбіреуіктер пайда болуы, терінің қабыршықтануы мен ісінуі, шырышты қабықтың қабынуы (Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермальді некролиз) немесе басқа аллергиялық реакциялар (ангионевроздық ісіну, есекжем). (Өте сирек: 10000-нан көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін);
- өмірге қауіп төндіретін жүрек ырғағының бұзылуы («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия (өліммен аяқталуы мүмкін)). (Белгісіз - қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес);
- ұйқы безі тіндерінің қабынуы, бұл іш және арқа тұсындағы қатты ауырсынуды тудыруы мүмкін, ол айқын дімкәстікпен бірге жүреді (панкреатит). (Өте сирек: 0000-нан көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін);
- бауыр функциясы бұзылуынан туындаған мидың зақымдануы (бауыр жеткіліксіздігі жағдайында бауыр энцефалопатиясының дамуы мүмкін). (Белгісіз - қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес);
- бауыр тінінің қабынуы (гепатит). (Белгісіз - қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес);
- көрудің жедел бұзылуы (көру өрісінің ақауы бар хориоидты жалқық, жедел миопия (кенеттен пайда болған немесе күшейген миопия), қайталама жабық бұрышты глаукоманың жедел ұстамасы (көзішілік қысымның жедел жоғарылауы). Бұл көру өткірлігінің кенеттен төмендеуімен немесе көздің ауырсынуымен көрінуі мүмкін. (Белгісіз - қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес).

Пайда болу жиілігін азайту тәртібімен басқа жағымсыз реакциялар мыналарды қамтуы мүмкін:

Жиі (10-нан көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін):

- макуло-папулезді бөртпе (тері бетінен шығып тұратын қызыл түсті бөртпе);
- аллергиялық және демікпелік реакцияларға бейімділігі бар пациенттердегі жоғары сезімталдық реакциясы, негізінен тері реакциясы.

Сирек (100-ден көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін):

- құсу;
- пурпура (терідегі қызыл дақтар).

Сирек (1000-нан көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін):

- қатты шаршау, бас ауыруы, парестезия (аяқ-қолдардағы шаншуды сезіну), вертиго;
- жүрек айну, іш қату, ауыздың құрғауы сияқты ас қорыту жүйесінің бұзылуы.

Өте сирек (10000-нан көп дегенде 1 адамда пайда болуы мүмкін):

- тромбоцитопения (тромбоциттер санының азаюы, бұл көгерулер пайда болуына және мұрыннан қан кетуге әкеледі), лейкопения (дене температурасының түсініксіз көтерілуіне, тамақтың ауыруына немесе тұмауға ұқсас басқа симптомдар туындатуы мүмкін лейкоциттер мөлшерінің төмендеуі – олар пайда болса, дәрігерге хабарласыңыз), аплазиялық немесе гемолиздік анемия (эритроциттер санының төмендеуі), агранулоцитоз (гранулоциттер есебінен лейкоциттер деңгейінің төмендеуі);
- гиперкальциемия (қандағы кальцийдің жоғары деңгейі);
- аритмия (жүректің ретсіз ырғағы), артериялық гипотензия (төмен артериялық қысым);
- бүйрек жеткіліксіздігі;
- бауыр функциясының бұзылуы.

Белгісіз (қолда бар деректерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес):

- естен тану;
- бұрыннан бар жедел жүйелі қызыл жегі (дәнекер тіндер ауруы) өршуі мүмкін;
- күн немесе жасанды ультракүлгін сәулелердің әсерінен кейін фотосезімталдық реакциясының (тері тарапынан өзгеріс) пайда болу жағдайлары туралы хабарламалар келіп түсті;
- миопия (алыстан нашар көру);
- бұлыңғыр көру;
- көру қабілетінің бұзылуы;
- зертханалық параметрлердің өзгеруі мүмкін (қан талдауының көрсеткіштері), сондықтан сіздің жағдайыңызды тексеру үшін дәрігер қан талдауын жүргізуді тағайындауы мүмкін. Зертханалық параметрлерде келесі өзгерістер болуы мүмкін:
 - калий концентрациясының төмендеуі және гипокалиемияның дамуы (қандағы калий мөлшері төмен), әсіресе қауіп тобына жататын пациенттер үшін маңызды;
 - гипонатриемия (қанда натрий мөлшерінің төмендеуі), бұл сусыздануға және артериялық қысымның төмендеуіне әкелуі мүмкін;
 - қандағы несеп қышқылы концентрациясының жоғарылауы, бұл подагра тудыруы немесе оның ағымын нашарлатуы мүмкін (буынның ауыруы, әсіресе табан тұсында);
 - қант диабеті бар пациенттерде қандағы глюкоза мөлшерінің жоғарылауы;
 - бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауы;
 - ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Егер сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, бұл туралы емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарлаңыз. Оларға қосымша парақта көрсетілмеген кез келген жағымсыз реакциялар да жатады.

Сіз сондай-ақ жағымсыз реакциялар туралы тікелей хабарлай аласыз (төменнен қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз дәрілік препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі

109074, Мәскеу қ., Славянская алаңы, 4 үй, 1 құр.

Тел.: +7 (495) 698 45 38, +7 (499) 578 02 30

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Қазақстан Республикасы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Иманов к-сі, 13

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Телефон: 8 (7172) 78-99-02

Электронды пошта farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Армения Республикасы

«Академик Э. Габриелян ат. дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау ғылыми орталығы» ЖТАҚ

0051, Ереван қ., Комитас даңғ. 49/4

Тел.: (+374 10) 231682, 230896, 234732, 232091

Дәрілік заттар қауіпсіздігін мониторингтеу бөлімі жедел желісінің телефоны:

(+374 10) 200505, (+374 96) 220505

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

«Денсаулық сақтаудағы сараптама және сынақ орталығы» УК

220037, Минск қ., Товарищеский т.к., 2а

Тел.: +375-17-299-55-14

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: + 375 (17) 242 00 29

<http://www.rceth.by>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

720044, Бішкек қаласы, 3-ші Линия к-сі, 25

Тел.: +996 (312) 21-92-78

<http://pharm.kg>

5. Арифон® ретард препаратын сақтау

Препаратты баланың қолы жетпейтін, бала оны көре алмайтындай жерде сақтаңыз.

Блистерде және картон қорапшасында көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткен соң, "дейін жарамды" деген күннен кейін дәрілік препаратты қабылдамаңыз.

Жарамдылық мерзімінің өтетін күні осы айдың соңғы күні болып табылады.

30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Дәрілік препаратты кәрізге немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен енді қажет емес препаратты қалай утилизациялау (жою) керектігін тексеріңіз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға бағытталған.

6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер

Арифон® ретард препаратының құрамында:

Әсер етуші зат - индапамид.

Үлбірлі қабықпен қапталған, босап шығуы ұзаққа созылатын әрбір таблетканың құрамында 1,5 мг индапамид бар.

Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар) гипромеллоза, лактоза моногидраты, магний стеараты, повидон 30, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, глицерол, гипромеллоза, макрогол 6000, магний стеараты, титанның қостотығы болып табылады.

Арифон® ретард препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі

Үлбірлі қабықпен қапталған, босап шығуы ұзаққа созылатын таблеткалар.

Препарат дөңгелек, екі беті дөңес, ақ түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалардан тұрады.

30 таблеткадан блистерде (ПВХ/АІ). 1 блистерден алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болған жағдайда) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан блистерде (ПВХ/АІ). 3 блистерден медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтардың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болған жағдайда) картон қорапшада.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Франция

«Лаборатории Сервье» / Les Laboratoires Servier

92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно к-сі 50 / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

Өндіруші

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ

108828 Ресей, Мәскеу қ., Краснопахорское кенті, 158 квартал, 2 иелік, 1 құр.

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ наразылықтар туындаған жағдайда тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне жүгіну қажет:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная к-сі, 7

үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937-0700

Факс: +7 (495) 937-0701

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Беларусь Республикасы

"Les Laboratoires Servier" УАҚ (Француз Республикасы) Беларусь Республикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников к-сі, 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі

Мекенжайы: 0001, Ереван қ., Северный даңғылы 1, «Норд» бизнес орталығы

Тел.: +374 10 505074

Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

Қосымша парақ қайта қаралды

Басқа ақпарат көздері

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында бар
<http://www.eurasiancommission.org>.

Қосымша парақ Одақтың веб-сайтында Одақтың барлық тілдерінде қолжетімді.

ТІЛІГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ НОРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО

Печатный
(на 5 листах)
ЦАРЫК / ЦИСТОВ

